

ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ МІНДЕТТІ БІЛІМ БЕРУ ҚОРЫНАН ТЕГІН ЫСТЫҚ  
ТАМАҚПЕН ТАМАҚТАНУЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША КОМИССИЯ  
МҮШЕЛЕРІНІҢ ОТЫРЫСЫНЫҢ

**№3 ХАТТАМАСЫ**

**Күні:** 10.12.2025 ж.

**Қатысқандар:**

1. Мектеп директоры – Ешкеева А.Т.
2. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – Утешова А.К.
3. Қамқоршылық кеңес мүшесі – Сорока И.А.
4. Әлеуметтік педагог – Балмұқаш А.Ш.
5. Директордың шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасары – Какимова А.Д.
6. Ата-ана – Бегимбаева А.Қ.
7. Медбике – Бисекеева Г.Д.

Барлығы: 7 адам

**Күн тәртібінде:**

1. Ыстық тамақтың сапасы мен құндылығын тексеру, ата-ана мен оқушылардың шағымдарын қарау туралы.
2. Тегін ыстық тамақпен тамақтанатын оқушылардың тамақтануын қадағалау қорытындысы туралы

**Тыңдалды:**

1. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Утешова А.К.: Жалпыға бірдей міндетті білім беру қорынан тегін ыстық тамақпен қамтылған оқушылардың тамақтануын ұйымдастыру және бақылау жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп отырғанын баяндады. Мектеп бойынша әлеуметтік мәртебеге ие отбасылардан шыққан оқушылар белгіленген кестеге сәйкес ыстық тамақпен қамтамасыз етіледі. Тамақтану барысы сыныптар бойынша бөлінген уақытқа сай жүзеге асырылады, бұл оқушылардың асханада шамадан тыс жиналуын болдырмауға мүмкіндік береді.

Апталық бақылау жоспарына сәйкес әлеуметтік педагог, мектеп мейірбикесі, әкімшілік кезекшілері және сынып жетекшілері тарапынан күнделікті мониторинг жүргізіледі. Бақылау барысында тағамның сапасы, ас мәзіріне сәйкестігі, тағамның мөлшері мен құнарлылығы, дайындалу технологиясының сақталуы, тағам құрамында бөгде заттардың болмауы, тағамның тиісті температурада әрі уақытылы берілуі назарға алынады. Сонымен қатар, асхананың санитарлық-гигиеналық жағдайы, қызметкерлердің жеке гигиенасы мен арнайы киімдерінің талапқа сай болуы, таза ауыз сумен қамтамасыз етілуі және тыйым салынған өнімдердің сатылмауы тұрақты түрде тексеріледі.

Ата-аналар мен оқушылардан келіп түскен ұсыныстар мен шағымдар арнайы арыз-шағымдар журналына тіркеліп, әрбір жағдай бойынша талдау жасалады.

Қараша–желтоқсан айлары аралығында келіп түскен шағымдар асхана әкімшілігі мен жалға алушыға таныстырылып, тағам сапасын жақсарту, мәзірді әртараптандыру және қызмет көрсету мәдениетін арттыру бойынша ескертулер мен ұсыныстар берілген.

**2. Әлеуметтік педагог Балмұқаш А.Ш.:** Мектеп асханасының жұмысы мен тегін ыстық тамақтың ұйымдастырылу сапасын бақылау мақсатында арнайы комиссия құрылып, жоспарлы және жоспардан тыс тексерулер жүргізілгенін хабарлады. Комиссия құрамына мектеп әкімшілігі, әлеуметтік педагог, мектеп мейірбикесі, ата-аналар комитеті мен қамқоршылық кеңес өкілдері енгізілген.

Тексеру барысында оқушылардың тамақтану кестесінің сақталуы, ас мәзірінің бекітілген талаптарға сәйкестігі, тағамдардың сапасы, тағам құрамының құндылығы, температуралық режимнің сақталуы және тағамның қауіпсіздігі жан-жақты қарастырылды. Оқушылардың денсаулығын қорғау мақсатында күнделікті дайын тағамнан сынамалар алынып, арнайы журналға тіркеледі. Асханадағы жалпы тазалық жағдайы, ыдыс-аяқтардың дұрыс өңделуі, қол жуу орындарының талапқа сай жабдықталуы, антисептик құралдарының болуы және асхана қызметкерлерінің санитарлық кітапшаларының жарамдылығы тексерілді.

Сонымен қатар, асханада санитарлық талаптарды сақтау мақсатында ақпараттық бұрыштар, әлеуметтік арақашықтықты сақтау белгілері, қауіпсіздік нұсқаулықтары орналастырылған. Оқушылардың асханадағы тәртібі мен қауіпсіздігі сынып жетекшілер мен кезекші мұғалімдердің бақылауында. Тамақтану уақыты бірнеше кезеңге бөлініп ұйымдастырылғандықтан, асханада оқушылардың шамадан тыс шоғырлануы байқалмайды. Жалпы тексеру нәтижесі бойынша асхана жұмысы қанағаттанарлық деңгейде екендігі анықталды, анықталған ұсақ кемшіліктер бойынша тиісті ескертулер беріліп, түзету жұмыстары жүргізілуде.

### **Шешімі:**

1. Ыстық тамақтың сапасы мен құндылығын тексеру, ата-ана мен оқушылардың шағымдарын қарау жұмыстары мектеп әкімшілігі, әлеуметтік педагог және мектеп мейірбикесі тарапынан күнделікті бақылауға алынсын.
2. Тегін ыстық тамақпен тамақтанатын оқушылардың тамақтануын ұйымдастыру және қадағалау жұмыстары тұрақты жалғастырылып, ай сайын мониторинг нәтижелері комиссия отырысында қарастырылсын.
3. Асхана қызметкерлеріне тағам сапасын тұрақты бақылауда ұстау, санитарлық-гигиеналық талаптарды қатаң сақтау және ата-ана мен оқушылардың ұсыныс-пікірлерін ескеру тапсырылсын.
4. Тегін ыстық тамақпен қамтылған оқушылардың тамақтануын қадағалау қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.

1. Мектеп директоры – Ешкеева А.Т.

2. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – Утешова А.К.

3. Қамқоршылық кеңес мүшесі – Сорока И.А.

4. Әлеуметтік педагог – Балмұқаш А.Ш.

5. Директордың шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасары – Какимова А.Д. 
6. Ата-ана – Бегимбаева А.Қ. 
7. Медбике – Бисекеева Г.Д. 